

Елбасымыздың Жолдауында ең басты бағдар - білім

403 топ студенті Ботбаева Улжан

2018 жылдың 5 қазан күні Елбасының жолдауында біршама басты мәселелер қозғалды. Жолдауында төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін айтып қана қоймай, нақты 10 бағыт бойынша маңызды міндеттерді атап көрсетті. Бағыттардың барлығы жаңа заман талабына сай, елді дамытуға бағытталған қадамдар. Еліміздегі индустрия, технология, өнеркәсіп кешені, көлік-логистика, инфрақұрылым, коммуналдық құрылыс, заманауи технология, адами капитал, тиімді мемлекеттік басқару деген мәселелер көтерілген. Оған қоса мемлекет барлық саланы қадағалап, оған бөлінген қаражаттың нәтижесін сұрап, есебін алып отыруы тиіс. Тек, сонда ғана өркениетті елдер сияқты мемлекеттің ілгерілеп дамуы болады.

Және бұл Жолдауда атап өтетін бөлім, келер жыл "Жастар жылы" болып саналатынын Елбасы атап өтті. Яғни келер жыл Жастар тарапынан көп мүмкіндіктер мен жарқын бастамалар болатынын айтып кетті. Өз кезегімізде, Елбасының бұл бастамасын қолдай отырып, өзіміздің білімімізді арттырып, жаңа инновациялық жобалар ұсынуға еңбек етеміз дегіміз келеді.

Президент Жолдауында аталған тапсырмаларды елімізде әрбір саланың мамандары жүзеге асыруы қажет. Осының нәтижесі қандай болады – бізге, жастарға байланысты. Жастардың және еліміздің басты капиталы – сапалы білім. Ол бірінші орында тұрады. Біз бүгінгі студенттер болашақта жақсы маман болуына тырысамыз. Сөзімді нақтылай келе Қазақстанға жастардың жасампаз еңбектері, жастардың күш-жігері және білімі керек. Бүкіл халық болып жастардың да арманы Қазақстанның әлемдегі ең бай елу елдің біріне айналғанын көру. Болашаққа сенімді, бойында отансүйгіштік қасиеті басым, алға ұмтылған, елім, жерім деп ет жүрегі елжіреген азаматтар мен азаматшалар - тәуелсіздігіміздің кепілі. Сондықтан, Жас достар, барлығымыз бір болып Елбасының жолдауында басты мәселелерің іске асыруға күш салайық!